

**Зейнетақылар мен еңбекақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі
бірінші кезектегі шаралар туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 3446. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Зейнетақыларды және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын қызметкерлердің еңбекақысын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық деңгейдегі бюджеттердің қаражатын нысаналы, әрі тиімді жұмсау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі (Ә.Қажыгелдин):

1) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына мыналарды әзірлеп, енгізетін болсын:

- Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау мәселелері жөніндегі заңдардың жобалары - 1997 жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде;

- респубикалық бюджеттің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарына 1998 жылғы 1 қантардан кешіктірмей әлеуметтік зейнетақылар бойынша берешекті өтеуді көздейтін "1997 жылға арналған респубикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы - 1997 жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде;

- мемлекеттік бюджеттің және бюджеттен тыс қорлардың қаражаты есебінен конкурстық негізде мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыруды көздейтін "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы - 1997 жылғы 20 мамырға дейінгі мерзімде;

2) 1997 жылға арналған респубикалық бюджетке енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджеттің қайта қарасын;

3) 1997 жылғы 1 шілдеден бастап, өткен айға төлеу тәртібімен зейнетақыларды белгіленген мерзімінде төлеуді қамтамасыз етсін;

4) облыстардың әкімдерімен және Алматы қаласының әкімімен бірлесіп;

- 1997 жылғы 25 сәуірге дейін акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға берген немесе сатқан кезде осындай берешектері болған акционерлік қоғамдарға мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры алдындағы берешектері бойынша мерзімін ұзарту тәртібін айқындастын болсын;

- 1997 жылғы 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына түсетін жарналарды жоспарлау мен есепке алулың әдістемесін бекітсін, сондай-ақ жарна төлеушілердің аталған қорлардың алдындағы берешегін өтеу кестесін нақтыласын;

5) ай сайын бюджетке салық пен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат жинау және әр аймақ бойынша оның алдындағы берешекті өтеу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы барлық дәрежедегі басшылардың есебін тыңдайтын болсын, сондай-ақ осы жұмыстың нәтижесі бойынша салық пен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат жинауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін атқармағаны үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын жауапкершілікке тарту туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізсін.

2. Облыстардың әкімдері және Алматы қаласының әкімі:

1) тиісті жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын қызметкерлерге еңбекақы, әрі зейнетақыларды төлеуді қамтамасыз ету жөнінде барлық шараларды қолданып, жергілікті жерлердегі істің жағдайы үшін аудандар мен қалалар басшыларының дербес жауапкершілігін арттыратын болсын;

2) Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына қаражат аудару жөніндегі нормативтердің орындалуын қамтамасыз етсін;

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың әкімдері мен Алматы қаласының әкімі осы Жарлықтың талаптарының орындалуы үшін толық жауап береді деп белгілесін.

4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі барлық деңгейдегі бюджеттер қаражатының тиімді және нысаналы жұмсалуына бақылауды күшеттін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік тергеу комитеті, Мемлекеттік Кеден комитеті және Қаржы министрлігінің Салық комитеті мұнай өнімдерінің, түсті және қара металдардың, астықтың, алкогольдік ішімдіктер мен темекі өнімдерінің экспортты мен импорттының, сондай-ақ барлық деңгейдегі бюджеттерге салық түсімдерінің көлеміне ықпал ететін басқа да тауарлардың экспортты мен импорттының белгіленген тәртібінің сақталуына бақылауды күшеттін.

6. Осы Жарлықтың атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК